

Ауыл әкімдерін сайлады

17 тамызда Екібастұз өңірі бойынша 4 жылдық әкімдік мансабы аяқталған ауыл басшыларының сайлауы өтті. Қалалық мәслихат депутаттары өздері сенім білдірген кандидаттарға құпия түрде дауыс беріп, алдағы төрт жылда ауылдың ажарын арттыруды мақсат еткен әкімдердің аты-жөні белгілі болды.

Оралхан ҚОЖАНОВ



Ең әуелі қалалық мәслихаттың хатшысы Болат Құспеков және қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрфаяз Сүлейменов сайлаудың өту тәртібімен таныстырды. Бұған сәйкес, әр депутатқа 10 бюллетень берілді. Олар әрбір ауылдық округтен кандидат ретінде тіркелген 3 азаматтың біреуіне дауыс беруі тиіс. Бұған дейін Екібастұз қаласының ауылдық аймағындағы әкімшілік аумақтық өзгерістерге сәйкес, Құдайкөл ауылдық округі таратылып - Теміржол ауылдық округіне, ал Бесқауға ауылы Қоянды ауылдық округіне қосылғаны белгілі. Яғни, бұл күні 10 ауылдық округтің әкімі сайланды.

Сайлаудың қорытындысы-

мен Шиқылдақ ауылдық округіне Гүлнәр Еңсебаева, академик Әлкей Марғұлан атындағы ауылға Мұрат Қажоқанов, Төртқұдық ауылдық округіне Базылбек Тасымов, Екібастұз ауылдық округіне Қуантай Асыллов, Сарықамыс ауылдық округіне Марат Сейсембаев, Қоянды ауылдық округіне Мадина Ахметзянова, Солнечный кентіне Маржан Алшымбаева, Теміржол ауылдық округіне Ерлан Қасеналин, Ақкөл ауылдық округіне Бақтияр Ахтаев және Байет ауылдық округіне Докторхан Амантай әкім болып сайланды. Бұлардың ішінде Қуантай Асыллов қана жаңа қызметке кірісіп отыр. Қалғандары бұған дейін сол ауылдың тізгінін ұстап келгенді.